

"Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына кредит ресурстарын беру шарттарын айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 шілдедегі N 785 қаулысы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Даму Банкі) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 38-бабына сәйкес 007 "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ кредит ресурстарын беру" бағдарламасы бойынша 4599000000 (төрт миллиард бес жүз тоқсан тоғыз миллион) теңге сомасында кредит ресурстары (бұдан әрі - Кредит) берілсін.

2. Даму Банкіне Кредит берудің мынадай шарттары айқындалсын:

1) Кредит Даму Банкіне жылдық 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайызға тең сыйақы ставкасы бойынша 15 (он бес) жыл мерзімге мерзімдік, ақылық және қайтарымдылық ш а р т т а р ы м е н б е р і л е д і ;

2) Даму Банкіне Кредит берудің мақсаты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 наурыздағы N 289 қаулысымен бекітілген "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамының кредит саясаты меморандумында белгіленген экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларға кредит беру ставкасын төмендету б о л ы п т а б ы л а д ы ;

3) кредит шартының тараптары Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржы министрлігі), Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі (бұдан әрі - әкімші) және Даму Банкі болып т а б ы л а д ы ;

4) Кредит бойынша негізгі борыш өтелімін Даму Банкі осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңында бір жолға жүзеге асырады;

5) Кредит бойынша есептелген сыйақы төлемі жарты жылдық кезеңділікпен жүзеге асырылады. Есептелген сыйақының бірінші төлемі Кредитті игерген күннен бастап алты ай өткеннен кейін жүзеге асырылады;

6) республикалық бюджеттен Кредит бөлуді әкімші өтінімінің негізінде Кредит сомасын әкімшінің бюджеттік шотынан Даму Банкінің корреспонденттік шотына бір жолғы аудару жолымен Қаржы министрлігі жүзеге асырады;

7) Кредит әкімшінің бюджеттік шотынан қаражат алынған сәттен бастап игерілді
д е п с а н а л а д ы ;

8) Кредит қаражатын экспорттық операцияларға кредит беруге жұмсауға болмайды.

3. Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кредит шартының жасалуын қамтамасыз етсін.

4. Кредиттің игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы және толық өтелуін бақылауды Қаржы министрлігі және әкімші жүзеге асырады.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі